

АНЫҚТАМА

«Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Асыл-ай» бөбекжай-бақшасы КМҚК 2025 жылдың 10 ай қорытындысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша

«11» 12 2025 жыл

Қызылорда қаласы

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы" Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бойынша 2025 жылдың қорытындысымен талдау жасалды.

Көрсетілген мерзімде «Асыл-ай» бөбекжай-бақшасы КМҚК-ның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар негізінде жүргізілді.

1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;

«Асыл-ай» бөбекжай-бақшасында жалпы қызметкерлер саны – 40. Оның ішінде педагог қызметкерлер бойынша – 18, техникалық қызметкер – 22, оның 3 қызметкері бала күтімінде.

Екінші санатты басшы – 0, педагог шебер - 0, педагог-зерттеуші - 0, педагог сарапшы - 3, педагог-модератор – 10, санаты жоқ педагогтар - 5. Жоғары білімді - 17. Педагогика ғылымының магистрі - 0.

Сонымен қатар, балабақшада барлығы 130 тәрбиеленуші бар. Барлығы электронды өтініш түрде қабылданған, қағаз жүзінде өтінішпен қабылданбаған.

Бұл сала бойынша заң талаптары бұзылмаған, сыбайлас жемқорлыққа жол берілмеген.

2) Мүдделер қактығысын реттеу;

Заңдылықтың бұл талаптары бойынша мүдделер қактығысы фактілері анықталған жоқ, көрсетілген мерзімде басшылық құрамға және қызметкерлерге қатысты арыз-шағымдар түспеген.

3) Мемлекеттік қызмет көрсету;

ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізіліміне сәйкес, көрсетілген мерзімде білім бөлімі тарапынан мемлекеттік қызмет түрі бойынша өтініштер келіп түспеген.

1. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы - «Халыққа қызмет көрсету орталығы» арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (ЦОН) – 000

2. Мемлекеттік органмен тікелей көрсетілген мемлекеттік қызмет саны – 000.

3. Электронды үкімет порталы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (ПЭП) – 000 санды құрайды.

Келіп түскен сұранымдар бойынша өз мерзімінде жауап беріліп, Заң аясында жұмыстар жүргізілген.

Ішкі талдау барысында саланың бұл талаптарымен заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;

«Асыл-ай» бөбекжай-бақшасы бұл бағыттағы рұқсат беру функциялары берілмеген.

5) Бақылау функцияларын іске асыру;

Бұл бағыт бойынша да іске асыру мүмкіндігі жоқ.

6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу;

«Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Асыл-ай» бөбекжай-бақшасы КМҚК 2025 жылдың 10 айы бойынша қаралған бюджет 124 092,7 мың теңге.

200 015 159 бағдарлама бойынша – 32 836,0 мың теңге,

200 011 159 бағдарлама бойынша – 471,0 мың теңге,

202 011 159 бағдарлама бойынша – 9 721,7 мың теңге.

202 015 159 бағдарлама бойынша – 61 318,7 мың теңге.

және ваучер келісім шарты бойынша 19 745,3 мың тг

2025 жылдың 10 айының қорытындысымен 124 092,7 мың теңге игерілді.

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарт жасау;

2025 жылдың қорытындысымен «Асыл-ай» бөбекжай-бақшасына «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне заңды тұлғалардан 2 өтініш келіп түсті. Келген өтінішке сәйкес уақытында жауап берілді.

Күнделікті ата-аналар тарапынан туындаған мәселеледі балабақша меңгерушісі жеке мәселелерімен сұрақтарымен қабылдап, ұсыныс-пікірлері тыңдалды. Қабылдауға келген әрбір ата-ананың мәселесі қаралып, жедел шешімін табуға жұмыстар жасалуда.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» 2020 жылғы 29 маусымдағы Кодексінің 89-бабының 2-тармағы бойынша, хабарға, ұсынысқа, үн қосуға, сұрау салуға жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде мазмұны бойынша негізделген және уәжделген болуға, оның қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндіріле отырып, арыз иесінің дәлелдерін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты фактілерді қамтуға тиіс.

Ішкі талдау барысында «Асыл-ай» бөбекжай-бақшасында өтініштер тіркеліп, қаралып, өтініш иелеріне жазбаша, уақытылы жауап беріліп, өтініш иелеріне ҚР-ның заңнамаларына сілтеме жасай отырып, өтініш иелеріне қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндірілген.

Сонымен қатар «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне келіп түскен ұсынымдар болды. Педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша ақылы негізде курстар бойынша келіп түскен өтініштерге уақытында жауап беріліп отырды.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралып, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл сала бойынша заңдылықтың бұзылу фактілері орын алған жоқ.

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

Балабақшада Ұлттық білім беру дерек қоры, Smart nation balabaqsha, Казна фейс, Е-өтініш, Е-gov.kz, Ұстаз платформасы ақпараттық жүйелері орнатылған.

Кең жолақты интернет желісімен Қазақтелекоммен келісімшарт жасалған. Интернетпен қамтылған.

9) Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

Мемлекеттік сатып алу бойынша

Баға ұсыныстары тәсілімен 10 лот жарияланып, 1 082 412,0 теңгеге жеткізіп берушімен келісім шартқа отырған. Тікелей шарт тұжырымы бір

дереккөздерден – 10 лот бойынша- 4 462 411,0 теңгемен келісімге отырғызылған.

Педагогтар жыл сайынғы біліктілігін арттыру курстарынан өтіп, үнемі білімдерін жетілдіріп отырады. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу бойынша балабақшадан арнайы жоспары құрылып, 2025 жылдың 28 тамызында №154- НҚ бұйрығымен Аттестаттау комиссиясының құрамы және сараптау тобының құрамы бекітілді.

Балабақшада жүргізілген іс-шаралар жоспары құрылып, бекітіліп ай сайын түрлі бағытта жүргізіледі. «Балабақшамен қоштасу» кештерін өткізу барысында ешқандай ақша жиналмау керектігі туралы арнайы ата-аналармен жиналыс жүргізіліп, түсіндірме берілді. Жиналыс хаттамасы жасалып, таныстырылды.

ҚР-сы министрлігінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспары негізіндегі талаптар сақталған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша толық талдау жұмыстары жүргізілді.

«Асыл-ай» бөбекжай-бақшада мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алмаған.

Қорытынды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «Асыл-ай» бөбекжай-бақшасының атқарып келген қызметтерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынды.

**«Асыл-ай» бөбекжай-бақшасы
КМҚК меңгерушісі**



Н.Есжанова